

ЖЕМ - САҒЫЗ

№24 (7884) 18 маусым, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Руханият



ҚАЛАМЫНАН СЫР ТӨГІЛГЕН ҚАЛАМҒЕР

Ұлы даланың төсінде тарихы қатпарлы, шежіресі терең, қасиеті ерек мекендер аз емес. Солардың бірі – Жем мен Сағыздың арасын жайлаған, талай дарынды түлетіп, талай таланттың тұсауын кескен киелі Байғанин топырағы. Халқымыздың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі бұл өңірді «кіші ақын-жазушылар одағы» деп бағалағаны бекер емес. Жақында осы қасиетті өлкеде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті жазушысы, Байғанин ауданының Құрметті азаматы Тынымбай Төлепбайұлының 85 жылдық мерейтойына арналған «Қаламынан сыр төгілген қаламгер» атты әдеби-сазды кездесу кеші өтті.



М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің ректоры Талғат Әбілов болды. Қонақтар мерейтой иесіне жүрекжарды лебіздерін арнап, оның қазақ әдебиетіндегі орны мен азаматтық болмысына жоғары баға берді.

Кештің ерекше сәттерінің бірі – жазушының жаңа туындысы «Кішкентай бригадир» кітабының тұсаукесері болды. Еңбекке құрметті, адалдық пен жауапкершілікті, жас ұрпақтың қалыптасу жолын арқау еткен шығармада ауыл өмірінің шынайы тынысы мен азаматтық тұлғаның қалыптасу кезеңдері көркем бейнеленген. Кітаптың тұсауын кесу рәсіміне Табылды Досымов атындағы республикалық қоғамдық қордың төрағасы Бижан Қалмағанбетов пен автордың өзі қатысты. Жаңа туындының құмыры ұзақ болып, оқырман жүрегінен орын алып, жас ұрпақтың рухани қазынасына айналуына ақжарма тілектер айтылды.

Әдеби-сазды кеш аудан өнерпаздарының өнерімен әрленді. Мәдениет үйінің жастары Бәкір Тәжібаевтың «Байғанин вальсі» әнін орындаса, «Ауылдың

балалары» ансамблі «Балғын үннің қаламгерге тартуы» атты арнайы нөмір ұсынды. Өнші Орал-Қосай Байсеңгірдің орындауындағы «Нәзік бұлттар» әні де көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Кештің шарықтау шегі ретінде «Үн» театры жазушының «Кішкентай бригадир» шығармасының желісі бойынша «Болмаған балалық шақ» драмалық композициясын сахналады. Қойылым көрермендерге ерекше әсер сыйлап, қаламгер шығармаларының өміршеңдігін тағы бір мәрте айқындады. Кеш соңында сөз алған Тынымбай Төлепбайұлы мерейтойына арнайы келіп, құрмет көрсеткен барша ағайынға, аудан басшылығына және зиялы қауым өкілдеріне шынайы ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Салтанатты шара Орал-Қосай Байсеңгірдің орындауындағы «Байғанин маршы» әнімен түйінделді. Рухани кештен ерекше әсермен тараған жұртшылық қазақ әдебиетінің алтын қорына сүбелі үлес қосқан қаламгер шығармаларының әлі талай ұрпақтың рухани азығына айналатынына тағы бір мәрте көз жеткізді.

Ә.ӘНУАРБЕК

Ауыл тынысы

АУЫЛ КҮНДЕРІНІҢ ШЫМЫЛДЫҒЫН САРТОҒАЙ АШТЫ

Байғанин ауданында дәстүрлі ауыл күндері бастау алып, алғашқы болып Сартоғай ауылдық округі өз өнері мен мәдениетін көпшілік назарына ұсынды. Аудан орталығындағы Тәуелсіздік саябағында өткен мерекелік шара тұрғындар мен қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ауылдың тыныс-тіршілігі мен жетістіктерін таныстыруға мүмкіндік берді.

Мәдени күн аясында Сартоғай ауылдық округінің өнерпаздары ән мен күйден шашу шашып, көпшілікке мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынды. Кеш барысында халық әндері орындалып, көрермендер ұлттық өнердің әсемдігін тағы бір мәрте сезінді. Ауылдың шығармашылық ұжымдары мен өнерпаздары өздерінің өнерлерін ортаға салып, жиналған жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.

Мерекелік шара тек концерттік бағдарламамен шектелмей, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған түрлі ойындар мен спорттық жарыстармен жалғасты. Асық ату, ләңгі тебу секілді ұлттық ойындар ұйымдастырылып, балалар мен жастар белсенділік танытты. Сонымен қатар спорттық сайыстарға қатысушылар өзара бақ сынап, көрермендер қызықты бәсекеңіз күесі болды.

Шара аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Жергілікті шаруалар өндірген ет, сүт және өзге де табиғи өнімдер тұрғындарға ұсынылып, ауыл еңбеккерлерінің маңдай терімен келген өнімдері көпшілік тарапынан жоғары бағаланды. Бұл жәрмеңке тұрғындарға сапалы өнімдерді тиімді бағамен сатып алуға мүмкіндік берсе, жергілікті кәсіпкерлер мен шаруалар үшін өз өнімдерін насихаттауға жол ашты.

Кеш қонақтары Сартоғай ауылдық округінің мәдениетімен, өнерімен, әлеуметтік-экономикалық жетістіктерімен танысып, округтің бүгінгі тыныс-тіршілігіне оң бағаларын берді. Мерекелік шара көпшілікке ерекше әсер сыйлап, ауылдың бірлігі мен берекесін, ұлттық құндылықтарға деген құрметін айқын көрсетті.

Айта кетейік, Байғанин ауданында ауылдық округтердің мәдени күндері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Әр аптаның жұ-



ма күні ұйымдастырылатын бұл шаралар ауылдардың мәдени мұрасын насихаттап, өнерпаздардың шығармашылығын қолдауға, тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және аудан тұрғындары арасындағы ынтымақ пен ауызбіршілікті нығайтуға бағытталған.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Кеш

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМГЕ ТАҒЗЫМ: ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Жарлы ауылының тумасы, белгілі ғалым, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры Жеткербай Қайдасовтың 75 жас мерейтойы туған жерінде кең көлемде аталып өтті. Осыған орай Байғанин орта мектебінде ұйымдастырылған тағылымды шаралар ғылым мен білімнің қадірін ұғындырып, жас ұрпаққа үлгі боларлық мазмұнды кездесулерге ұласты.



Мерекелік іс-шаралар аясында ұстаздар мен мекеме қызметкерлері арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылып, оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған «Математикалық регата» сайысы өткізілді. Зияткерлік бәсеке мен спорттық додаға қатысушылар белсенділік танытып, өзара тәжірибе алмасты.

Мерейтой иесі Жеткербай Қайдасов туған ауылына арнайы келіп, жерлестерімен, мектеп ұжымымен және жастармен жүздесті. Жарлы ауылдық мәдениет үйінде өткен «Өнегелі өмір – ұрпаққа үлгі» атты кеште ғалымның ғылым мен білім саласындағы еңбегі кеңінен насихатталды. Салтанатты жиында аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат Дабысов мерейтой иесіне аудан әкімінің Алғыс хатын табыстап, ізгі тілектерін жеткізді.

Мерейтой аясында ұйымдастырылған жарыстардың қорытындысы бойынша үздік атанған командалар мен қатысушылар марапатталды.

Волейбол турнирінде Байғанин орта мектебінің командасы жеңіс тұғырынан көрінсе, екінші орынды №3 Қарауылкелді орта мектебінің құрамасы иеленді. Үздік үштікті аудан әкімдігі командасы түйіндеді.

Ал «Математикалық регата» сайысында «Пифагор үштігі» командасы озық шығып, «Үш перпендикуляр» тобы екінші, «Инфинити Миндс» тобы үшінші орынға тұрақтады. «Аксиома» мен «Евклид» командаларына Алғыс хаттар табысталды.

Ғылым жолындағы табылды еңбек

Жеткербай Қайдасов 1951 жылдың 29 маусымында Байғанин ауданын-

«Жем-Сағыз» ақпарат

Шара

МАҚСАТ - БІРЛІК ПЕН ҚОЛДАУ

«Шаңырақ» отбасын қолдау орталығында тұрғындарға арналған «Бірлік пен қолдау күні» атты Ашық есік күні ұйымдастырылды.



Тұрғындарды орталықтың қызметімен таныстыру, психологиялық және құқықтық көмек көрсету, отбасылық жанжалдардың алдын алу, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік қолдау шаралары туралы жан-жақты ақпарат беру мақсатындағы шараға облыс әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның, Байғанин ауданы әкімі аппаратының, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімдерінің, денсаулық сақтау саласының, пробация қызметінің, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің, сондай-ақ «AMANAT» пар-

тиясы Байғанин аудандық филиалының өкілдері қатысты.

Мамандар тұрғындарды жеке қабылдап, құқықтық, әлеуметтік және психологиялық мәселелер бойынша кеңес берді. Сонымен қатар, қатысушыларға психологиялық тренингтер мен арт-терапиялық жұмыстар ұйымдастырылып, тәжірибелі мамандардың қолдауы мен пайдалы кеңестері ұсынылды.

Шара барысында «Сіз жалғыз емесіз – біз бірге қолдау көрсетеміз» атты ақпараттық жадинамалар да таратылды.

Ашық есік күні тұрғындардың өзекті мәселелерін талқылап, қажетті ақпарат пен қолдау алуына мүмкіндік берген тиімді диалог алаңына айналды.

23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ: ӘЛІППЕСІ - ӘДЕП, МІНДЕТІ - ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ



- **Әміржан Ғалымұлы, әңгімемізді мемлекеттік қызметтің бүгінгі болмысынан бастасақ. Көпшілік мемлекеттік қызметті кабинетпен байланыстырады. Ал сіздің ойыңызша, бүгінгі мемлекеттік қызметші қандай болуы керек?**

– Бүгінгі мемлекеттік қызметшіні тек қана кабинетте отырып, құжат айналымымен айналысатын маман ретінде көру - ескірген түсінік. Қазіргі заман бізден мүлдем басқа серпінділікті талап етеді. Бүгінгі мемлекеттік қызметші ең алдымен, қоғамның шынайы сұранысын деп басып түсінетін, үнемі жаңа өзгерістерге бейім әрі заманауи цифрлық технологияларды еркін меңгерген тұлға болуы керек. Біз халықтан жасырынбай, ашық диалог орната білуіміз, кез келген мәселеде бұқараға жақын әрі қолжетімді болуымыз қажет. Ең бастысы, бойымызда жоғары кәсібилік пен адами қасиеттер қатар жүруі тиіс. Біз тек заң шеңберінде ғана емес, сонымен бірге азаматтардың жағдайына эмпатиямен, түсіністікпен қарауға міндеттіміз. Себебі біздің күнделікті қабылдайтын әрбір шешіміміздің, қол қоятын әрбір құжатымыздың артында қарапайым адамның тағдыры, жергілікті тұрғындардың мүддесі мен болашағы тұр.

- **Соңғы жылдары мемлекеттік қызметте бірқатар реформалар жүзеге асты. Цифрландыру, ашықтық, кадрлық саясаттағы өзгерістер – мұның бәрі жүйенің жаңаруына бағытталғаны белгілі. Сіздіңше, осы өзгерістердің ішіндегі ең маңызды әрі нәтижелі қадам қайсы болды?**

– Мемлекеттік қызмет саласында көптеген өзгерістер болып жатқаны рас. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар көрсететін қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшірілді. Азаматтар көптеген анықтамалар мен өтініштерді онлайн ала алады. Бұл - уақытты үнемдеп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Ашықтық пен есептілікті арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділік кеңейді. Тұрғындар аудан деңгейінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы бұрын баспасөз беттерінен таныса алса, қазір аудан әкімдігінің сайтынан, әлеуметтік желілердегі парақшаларынан ақпараттармен таныса алады. Азаматтардың пікірін ескеруге бағытталған тетіктер, яғни қоғамдық тыңдаулар, жеке мәселелері бойынша қабылдаулар тұрақты өткізілуде.

Ал мемлекеттік қызметке орналасуда конкурстық рәсімдердің оңтайландырылуы туралы айтсақ, 2026 жылғы 1 сәуірден бастап мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі жаңартылып, іріктеу процесі толық автоматтандырылған жүйе арқылы жүргізіледі. Енді үміткерлер конкурсқа қатысу үшін өтініштерін онлайн түрде euzmet.gov.kz сыртқы интернет-порталы арқылы береді. Бұл жаңашылдық мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдерінің ашықтығын арттырып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

- **Енді нақты көрсеткіштерге тоқталсақ. Бүгінде Байғанин ауданындағы мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуеті қандай? Жалпы қанша мемлекеттік қызметші еңбек етеді, жастар мен әйелдердің үлесі қанша?**

– Байғанин ауданы әкімі аппаратында 16, бөлімдерде 41, ауылдық округтарда 46 штат бірлігі қарастырылған: мемлекеттік қызметшілердің штат саны – 103 бірлікті құрайды. Мемлекеттік қызметшілердің жас бойынша 21-35 жасқа дейінгі жастар саны –34 %, 36-45 жас- 43,4%, 46-55 жас -14,1%, 56-63 жас -8,1%. Әйел азаматтардың үлесі 43%.

- **Статистика мен сандарды айттық. Бірақ мемлекеттік қызметтің сапасын анықтайтын тағы бір көрсеткіш – кадр тұрақтылығы. Бұл бағыттағы ахуал қандай?**

– Кадр тұрақтылығы ауданымызда жоғары деңгейде сақталуда. Соңғы жылдары мемлекеттік қызметшілер арасында жиі орын ауыстыру немесе басқа салаға кету жағдайлары көп байқалмайды. Қызметкерлердің басым бөлігі өз міндеттерін тұрақты атқарып, мемлекеттік қызметте ұзақ мерзімді еңбек етеді. Бұл ұжымдағы қойлайы жұмыс ортасының, кәсіби даму мүмкіндіктерінің және мемлекеттік қызметке деген жауапкершіліктің нәтижесі деп есептеймін.

- **Мемлекеттік қызметте білім мен біліктілікті үнемі жетілдіріп отыру маңызды. Осы орайда жыл сайын қанша маман оқытудан өтеді?**

– Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін тиімді атқаруы үшін олардың кәсіби дең-

Мемлекеттік қызмет – сырт көзге құжаттар мен ресми жиындардан тұратын жүйе болып көрінгенімен, оның түпкі мақсаты – халыққа қызмет ету. Бүгінде қоғамның талабы өзгеріп, мемлекеттік қызметшіден тек кәсіби білім ғана емес, ашықтық, жауапкершілік, әдеп пен адамгершілік қатар талап етіледі. Цифрландыру, жаңа кадрлық саясат, жастарды мемлекеттік басқаруға тарту, халықпен кері байланысты нығайту – соңғы жылдары бұл салада жүзеге асқан маңызды өзгерістердің бір бөлігі ғана.

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында Байғанин ауданы әкімі аппаратының басшысы Әміржан Жұмабаймен қазіргі мемлекеттік қызметтің бет-бейнесі, кадрлық саясат, мемлекеттік әдеп, жастардың қызығушылығы, қоғам сенімі және аппарат басшысының күнделікті өміріндегі көпшілік біле бермейтін қырлары туралы сұхбаттастық.

гейі мен біліктілігін арттыру маңызды. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді. Жыл сайын мемлекеттік қызметшілер жоспарға сәйкес оқыту курстарынан, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламаларынан өтеді. Орта есеппен алғанда, жыл сайын мемлекеттік қызметшілердің 35% әртүрлі оқу бағдарламалары мен семинар-тренингтерге қатысады. Бұл көрсеткіш қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыруға, заманауи басқару дағдыларын меңгеруге және мемлекеттік қызмет сапасын жақсартуға бағытталған. 2025 жылы 41 мемлекеттік қызметші кәсіби біліктілігін жетілдірсе, 2026 жылы 45 мемлекеттік қызметші кәсіби біліктілігін арттырады деп жоспарланып, жұмыстар жүргізілуде.

– **Қоғам да өзгеріп келеді. Кешегі сұраныс пен бүгінгі талаптың да айырмашылығы бар екені анық. Осы тұрғыдан алғанда аудан тұрғындарының өтініштері мен көтеретін мәселелерінде қандай өзгерістер байқалады?**

– Әрине, өзгерді. Бұрын тұрғындардың басым бөлігі анықтамалар алу, әлеуметтік мәселелер мен коммуналдық қызметтерге қатысты сұрақтармен жүгінсе, қазір халықтың талап-тілегі әлдеқайда нақты әрі мазмұнды бола түсті. Тұрғындар инфрақұрылым, сапалы жол, интернет, кәсіпкерлікті қолдау, жастар саясаты, тұрғын үй және қоғамдық бақылау мәселелеріне көбірек назар аударады. Сонымен қатар, азаматтар мемлекеттік органдардан мәселені тек қарастыруды емес, нақты нәтиже мен жедел шешім күтеді. Бұл – қоғамның құқықтық мәдениетінің және азаматтық белсенділігінің артқанын көрсетеді.

- **Мемлекеттік қызметтің негізі – халық сенімі. Сіздің байқауыңызша, тұрғындардың мемлекеттік органдар жұмысына деген сенімі мен кері байланысы қандай деңгейде?**

– Мемлекеттік органдардың жұмысына деген сенім ең алдымен тұрғындардың күнделікті тұрмысында сезілетін нәтижемен өлшенеді. Бүгінде азаматтар әлеуметтік желілер, электронды платформалар, жеке қабылдаулар арқылы өз ұсыныс-пікірлерін белсенді білдіруде. Бұл – халық пен билік арасындағы байланыстың нығайғанының белгісі. Біз үшін тұрғындардың әрбір өтініші – кері байланыс қана емес, жұмыстың сапасын арттыруға берілген мүмкіндік.

- **Қазіргі қоғам мемлекеттік қызметшіден бұрынғыдан да көп нәрсе талап етеді. Сіздіңше, бүгінгі мемлекеттік қызметшіге қойылатын ең үлкен талап қандай?**

– Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметкерге қойылатын ең үлкен талап – қоғамдық сенімге лайық болу, яғни ашықтық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын күнделікті қызметте нақты іске асыру. Шешім қабылдауда әділдік пен бейтараптықты ұстану, әрбір азаматқа құрметпен қарау, тек бекітілген заңды ғана орындап қою емес, халыққа жақын, ашық әрі сенімге ие кәсіби тұлға болуды талап етеді.

- **Кәсібилік пен әдеп – мемлекеттік қызметтің қос тірегі десек болады. Сіздіңше, осы екеуінің қайсысы маңыздырақ?**

– Мемлекеттік қызметшінің кәсіби біліктілігі мен әдеп нормалары бір-бірімен тығыз байланысты және екеуі де бірдей маңызды деп есептеймін. Кәсіби біліктілік мемлекеттік қызметшінің өз міндеттерін сапалы, тиімді және нәтижелі орындауын қамтамасыз етеді. Ал әдеп нормалары қызмет барысында азаматтармен, әріптестермен және қоғаммен дұрыс қарым-қатынас орнатып, сенім қалыптастыруға негіз болады. Егер тек кәсіби білім жоғары болып, әдеп сақталмаса, қызмет сапасына және мемлекеттік органдарға деген сенімге кері әсер етуі мүмкін. Сол сияқты, әдептілік жоғары болып, бірақ кәсіби біліктілік жеткіліксіз болса, жұмыстың тиімділігі төмендейді. Сондықтан мемлекеттік қызметте бұл екі бағыт та тең дәрежеде маңызды және бірін-бірі толықтырып отыратын негізгі қағидаттар болып табылады.

– **Мемлекеттік қызметкер үшін «әдеп» – талап па, өлде ішкі мәдениет пе?**

– Бір жағынан нормативтік талап, екінші жағынан ішкі мәдениеттің көрінісі болып табылады. Ресми тұрғыда әдеп нормалары заңнамалармен және мемлекеттік қызмет саласындағы қағидалармен бекітіліп, әрбір қызметші үшін міндетті талап ретінде қарастырылады. Бұл қызметтік тәртіпті сақтау, азаматтармен қарым-қатынаста әдепті болу және қызметтік мінез-құлық стандарттарын ұстануды қамтиды. Сонымен қатар, әдеп тек сыртқы талап қана емес, ол қызметшінің жеке тұлғалық қалыптасуы мен ішкі мәдениетінің маңызды бөлігі. Шынайы әдеп адамның ішкі ұстанымынан туындап, күнделікті мінез-құлқынан көрініс табады. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі әдеп – формалды талап пен ішкі мәдениеттің үйлесімі. Осы екі қыр бір-бірін толықтырған жағдайда ғана мемлекеттік қызметтің сапасы артып, қоғамның сенімі нығаяды.

- **Мемлекеттік қызметші тек жұмыс уақытында емес, жұмыстан тыс уақытта да қоғам назарында жүреді. Осы тұрғыдан қандай қағидаларды ұстану маңызды деп есептейсіз?**

– Мемлекеттік қызметшінің жұмыстан тыс уақыттағы мінез-құлқы да оның кәсіби беделіне және мемлекеттік қызметке деген қоғамдық сенімге тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл тұрғыда әдеп нормалары мен жалпы мінез-құлық қағидаларын сақтау өте маңызды. Ең алдымен, мемлекеттік қызметші қоғамда үлгі боларлық мінез-құлық танытып, заңдылық пен тәртіп қағидаттарын сақтауы тиіс. Жеке өмірде де өз әрекеттері арқылы мемлекеттік қызмет беделіне нұқсан келтірмеуге мән беру қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі белсенділік кезінде де әдеп нормаларын сақтау, арандатушылық сипаттағы немесе қоғамға теріс әсер ететін пікірлерден аулақ болу маңызды. Жалпы алғанда, мемлекеттік қызметші үшін қызмет пен жеке өмірдегі мінез-құлықтың үйлесімділігі, ұстамдылық, жауапкершілік және әдептілік негізгі қағидалар болып табылады. Бұл талаптар мемлекеттік қызметтің абыройын арттыруға және қоғам сенімін нығайтуға қызмет етеді.

– **Мемлекеттік қызметтің ертеңі – жас мамандар. Сондықтан бұл тақырыпты айналып өту мүмкін емес. Бүгінде жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығы қандай? Биыл мемлекеттік қызмет қатарына қанша жаңа маман қосылды? Олар негізінен қай салаларға көлді?**

– Жастар – ұлт үмітін арқаалаған ел ертеңі. Үміт пен сенімді ақтау сол буының парызы. Сол себептен де жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгіні мен ертеңі де жастарға байланысты.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметке кіру рәсімдері жеңілдетіліп, жастар үшін түрлі мүмкіндіктер жасалуда. 2023 жылдан бастап мемлекеттік қызмет туралы заңға өзгеріс енгізілді. Өзгеріс осы жастардың мемлекеттік қызметке кедергісіз орналасуына мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнын мемлекеттік тапсырыспен оқып, жақсы аяқтаған білім көрсеткіші GPA 3,33 тен асатын түлектер диплом алған соң 1 жыл ішінде жергілікті атқарушы органдардың басшылық емес лауазымдарына үкілетті органның келісімін ала отырып, бос орын болған жағдайда конкурсыз, тест тапсырмай мемлекеттік қызметке орнала-са алады. Біздің ауданда осы мүмкіндік арқылы 4 түлек мемлекеттік қызметке орналасты. Жастар үшін мемлекеттік қызмет тұрақты жұмыс пен әлеуметтік көпіндіктерді қамтамасыз етеді, мансаптық өсу және басқару тәжірибесін жинақтайды, мемлекеттік бағдарламалар мен жастар кадрлық резервіне қатысу мүмкіндігін ұсынады, ең алдымен жастар елдің дамуына үлес қосуға мүмкіндік алады. Жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығы жақсы, жоғарыда атап өткендей 35 жасқа дейінгі жастар саны 34% көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз үлкен көрсеткіш деп есептеймін. Мемлекеттік қызметте 7 жас маман көлді. Оның екеуі аудан әкімі аппаратына, 1-уі құрылыс бөліміне, 4 маман ауылдық округтерге жұмысқа орналасты.

- **Егер сізге бір жас маман келіп, «Мен мемлекеттік қызметте жұмыс істегім келеді» десе, оған ең алдымен қандай қасиеттерді қалыптастыруға кеңес берер едіңіз?**

– Ең алдымен жауапкершілік пен еңбекқорлықты дамытуға кеңес берер едім. Мемлекеттік қызмет – тек тұрақты жұмыс емес, ол үлкен жауапкершілік. Сонымен қатар, жастар үнемі білімін жетілдіріп, заңнаманы меңгеруге, адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға, уақытты тиімді басқаруға үйренуі қажет. Қарапайымдылық, сабырлылық пен бастамашылдық та жас маманның кәсіби қалыптасуына оң әсер етеді.

- **Әңгімемізді сәл өркін форматқа бұрсақ. Көпшілік аппарат басшысын құжат пен тапсырманың ортасында отыратын адам ретінде елестетеді. Ал Әміржан Ғалымұлы таңертең жұмысқа келе жатқанда ең бірінші қандай оймен келеді?**

– Ең бірінші ойым – бүгін қандай мәселені шешіп, қандай нәтижеге қол жеткізе аламыз деген сұрақ. Өйткені әр күні – жаңа міндет, жаңа жауапкершілік тұрады. Сондай-ақ аудан әкімінің жұмыс регламентін қалыптастыру, техникалық базаның жай-күйі, бөлім басшыларының іссапарлары сияқты күнде қайтала-тын, кейде тіпті бір-біріне ұқсамайтын мәселелермен үй мен жұмыс арасындағы жол қысқарады.

- **Мемлекеттік қызметке алғаш келген жас маман Әміржан Жұмабай мен бүгінгі аппарат басшысы Әміржан Ғалымұлының арасында қандай айырмашылық бар? Жылдар сізді қалай өзгертті?**

– Алғашқы жылдары тәжірибе аз, жігер көп болды. Уақыт өте келе жауапкершілік артып, әр шешімнің салмағын түсіне бастайсың. Жүйе маған

сабыр сақтауды, адамдарды тыңдай білуді, әр мәселеге жан-жақты қарауды үйретті. Бүгінгі күні кез келген шешімнің артында адамның тағдыры тұрғанын тереңірек сезінесің.

- **Қызметкердің шаршап, кәсіби күйзеліске түскенін байқасаңыз, басшы ретінде ең алдымен не істер едіңіз? Ұжымдағы психологиялық ахуалды сақтау қаншалықты маңызды?**

– Кез келген ұжымда психологиялық ахуал өте маңызды. Сондықтан әріптестердің пікіріне құлақ асып, түсіністікпен қарауға тырысамыз. Кейде адамға мотивациядан бұрын қолдау қажет болады. Ұжымдағы сыйластық, өзара сенім және атқарылған жұмыстың бағалануы қызметкердің жігерін арттырады.

- **Мемлекеттік қызметте көпшілік көрмейтін, бірақ аса маңызды еңбек болады. Сіздіңше, сондай «көрінбейтін» еңбек дегеніміз не? Ал мемлекеттік қызметшіге айтылатын ең әділетсіз сын қандай?**

– Ол – адамдардың мәселесін мұқият тыңдап, оған шешім іздеу. Кейде нәтиже бірден байқалмауы мүмкін, бірақ көптеген құжаттардың, келісімдердің, ұйымдастыру жұмыстарының артында үлкен еңбек жатыр. Ал мемлекеттік қызметшіге айтылатын ең әділетсіз сын – «олар ештеңе істемейді» деген пікір. Себебі бұл салада көзге көрінбейтін, бірақ қоғам үшін маңызды жұмыстар өте көп.

–**Мемлекеттік қызметкердің басты супер-күші?**

– Адамдарды тыңдай білу және жауапкершілік-тен қашпау.

– **Жұмыстағы ең ауыр сөз...**

– «Мүмкіндік жоқ» деген сөз. Өйткені қандай мәселе болса да, заң аясында шешу жолын іздеу қажет.

– **Сенбі күні кенеттен телефон соғылса, бірінші ойыңыз...**

– Үйреншікті жағдай болып кеткен сияқты қазір өзіме. Мемлекеттік қызметші 24/7 байланыста боламыз.

– **Егер мемлекеттік қызмет болмаса, сіз қазір...**

– Елестете алмаймын. Десе де, қай салада болсам да, елге қызмет етумен айналысар едім. Себебі адамның мамандығынан бұрын қоғамға пайдалы болуы маңызды.

– Аппарат басшысы костюмді шешіп, үйіне барғанда кімге айналады? Жұмысты жұмыста қалдыру мүмкін бе?

– Ең алдымен мен – отбасымның мүшесімін, әкемін, жармын. Әрине, мемлекеттік қызметте жұмысты толықтай жұмыста қалдыру әрдайым мүмкін бола бермейді. Кейде шешімін күткен мәселелер, жауапкершілік пен ойлар үйге де бірге келеді. Дегенмен, қызметтегі түйткілдер мен аяқталмай қалған шаруалардың отбасымадағы жылылық пен бақытты атмосфераға әсер еткенін қаламаймын. Өйткені отбасы – адамға күш-қуат беретін, жан тыныштығын сыйлайтын, жаңа күнге серпін беретін ең сенімді орта. Сондықтан үйге келгенде жақындарыма уақыт бөліп, жұмыстың салмағын отбасылық береке мен шаттықтан жоғары қоймауға тырысамын.

– **Сіз үшін мемлекеттік қызмет деген – мансап па, өлде маңдайға жазылған миссия ма?**

– Мен үшін мемлекеттік қызмет – ең алдымен миссия. Өйткені бұл салада лауазымнан бұрын жауапкершілік, халық сенімі және елге қызмет ету ұғымдары тұрады.

– **Осы лауазымнан көткен күні артыңызға қарап, «Мен бұл жерде тек жұмыс істеген жоқпын, мен...» деп сөйлемді қалай аяқтағыңыз келеді?**

– «...мен адамдардың сенімін ақтауға, ауданның дамуына және мемлекеттік қызметтің абыройын арттыруға өз үлесімді қостым» деп айтқым келеді. Адамның артында лауазымы емес, атқарған ісі мен елдің ризашылығы қалуы керек.

– **Әріптестеріңізге кәсіби мерекедегі ең қатынасы?**

– Әріптестеріме мықты денсаулық, отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс тілеймін. Еліміздің дамуына қосып жүрген үлестері әрдайым жоғары бағаланып, халықтың алғысына бөлене берсін.

– **Әңгімеңізге рақмет! Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!**

Сұхбаттасқан Әйгерім КАРИМАН

Мереке иесі

ӨМІР МЕН ӨЛІМНІҢ АРАСЫНДАҒЫ САНАУЛЫ СӘТТІҢ САЛМАҒЫН КӨТЕРГЕН ДӘРІГЕР



1978 жылы Байғанин орта мектебін үздік аяқтаған Серік Мұханбетұлының өмір жолы бірден медицинамен байланысып кеткен жоқ. Жастық жалынмен арман қуған бозбала әуелі комсомол жастар бригадасында қой шаруашылығында еңбек етіп, бір жылдың ішінде бригадир атанады. Кейін Алматыдағы Халық шаруашылығы институтының «Қаржы және несие» факультетіне жолдамамен барғанымен, сол кезеңдегі тамыр-таныстық пен сыбайлас жемқорлықтың салдарынан студент атана алмай, ауылына оралады.

— Ол кезде оқуға ата-анаң жетектеп апармайтын, әйтеуір өзің арман арқаулап кетесің. Мен де сөйттім. Ал оқуға түсуге білімім жетпей қалған жоқ. Ол заманның да өз қиындығы болды. Содан ауылға қайтып келіп, шаруашылықта еңбек еттім. Шөп шаптым, қой қыркуға қатыстым. Кейін әскерге барып, Отан алдындағы борышымды өтедім, — деп еске алады дәрігер еңбек жолының басын.

1981 жылы әскерден оралған соң кәсіптік-техникалық училищеде тракторист мамандығын меңгеріп, араға бір жыл салып Ақтөбе мемлекеттік меди-

цина институтының дайындық бөліміне түседі. Ал 1983 жылы студент атанып, 1989 жылы педиатр мамандығы бойынша жоғары оқу орнын тәмамдайды.

Еңбек жолын аудандық ауруханада педиатр дәрігер ретінде бастаған ол кейін бас педиатр қызметін атқарып, қосымша инфекционист болып еңбек етеді. Алайда тағдыр оны мүлде басқа, аса жауапты салаға жетелейді.

1997 жылы аудандық аурухананың сол кездегі бас дәрігері, марқұм Тілеуқабақ Жылқыбаев жас маманды шақырып алып, реаниматолог болуды ұсынады. Ол уақытта жалақы мардымсыз, дәрігерлер қат, ал ауыр науқастардың тағдыры қыл үстінде тұрған кезең еді.

Ақтөбе қаласындағы жедел медициналық жәрдем ауруханасында тәжірибемен өткен Серік Әділхан алғашқы сынақтардың бірін күні бүгінге дейін ұмытпайды.

— Бірде ауылға келгенімде босану кезінде ауыр қан кету жағдайы орын алды. Әйелдің өмірі қыл үстінде тұрды. Шұғыл ота жасау қажет болды. Сол кездегі тәжірибелі акушерлер Сәншә мен Күләнда апайлармен бірге отаға кірістік.

Адам денсаулығы, кейде тіпті өмірі таразыға түсетін сәттерде қателесуге хақың жоқ. Бір ғана шешімнің, бір ғана әрекеттің артында тұтас бір отбасының үміті, бір ананың көз жасы, бір баланың болашағы тұрады. Осындай жауапкершілігі зіл батпан мамандықты 40 жылға жуық арқалап келе жатқан, аудан медицинасының тарихымен бірге өсіп, талай қиын кезеңнің куәсі болған жоғары санатты анестезиолог-реаниматолог, аудандық аурухана басшысының пациентті қолдау және ішкі бақылау бөлімінің орынбасары Серік Әділхан Мұханбетұлы үшін дәрігерлік – жай ғана кәсіп емес, адам өміріне араша түсуді өмірлік мұрат еткен азаматтық ұстаным. Талай түнді ұйқысыз өткізіп, жарықсыз ауылдарда, қарапайым үстелдің үстінде, көліктің шамын жарық етіп, адам өмірі үшін күрескен ардагер дәрігердің еңбек жолы – бүгінгі буын үшін ерлікпен пара-пар тағылым мектебі.

Ота сәтті өтті. Сол кезде қабілетіме жоғары баға берілді, — дейді ол.

Кейін Павлодар қаласындағы Семей медицина институты жанындағы білім жетілдіру институтында біліктілігін арттырып, реаниматология саласында кәсіби шыңдала түседі.

Ардагер дәрігердің айтуынша, бүгінгі медицина мен өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңы мен екі мыңыншы жылдардың басындағы ахуалды салыстыру мүмкін емес.

— Қазіргідей мүмкіндік жоқ еді. Әйелдер қалаға бара алмайтын. Көптеген ота ауылда жасалды. Қыс, жаз демей, жарық өшіп қалған кездерде үйдегі ас ішетін үстелдің үстінде, мектептен әкелінген партаның үстінде, көліктің жарығымен операция жасаған күндер болды. Антисанитария жағдайында да адам өмірін сақтап қалуға тырыстық. Ең бастысы — науқастар аман қалды. Бүгінгі жастарға айтсақ, ертегі секілді көрінеді. Өмірімің 37 жылын медицина саласына беріп, оның жиырма екі жылдан астам уақытын реаниматологияға арнап, бүгінде зейнеткерлік жасқа шықсам да, қызметтен қол үзгем жоқ. Себебі бұл мамандық кез келген уақытта шақыртуға дайын болуды, мықты психологиялық және физикалық төзімділікті талап етеді. Кейде осы мамандықты таңдағаныма ренжіп қалатын сәттер де болады. Бірақ науқас операция үстелінен аман ояңқан кезде күні бойы аш жүргенінді де, шаршағаныңды да ұмытып кетесің. Үйге қуанып қайтасың. Ұйқыға кеткенше елдің амаңдығын тілеп жатасың, — дейді ақ халатты абзал жан.

Дәрігер қоғамдағы медицинаға айтылатын сын-пікірден де қашпау керек деп санайды. “Дәрігер үнемі оқуы керек. Дамуы қажет. Бір орында тоқтап қалмауы маңызды” деп санайтын дәрігер қолы қалт еткенде кітап оқып, жаңа бұй-

рықтармен танысып, дәрі-дәрмектердің атауын жаттап, онлайн сабақтарға қатысады. Жастарға да үнемі соны айтып отырады.

Ардагер дәрігерді алаңдататын мәселелердің бірі — халықтың өз денсаулығына немқұрайлы қарауы.

— Скринингтен өтуге де келгісі келмейтін адамдар бар. «Ауру тауып қояды» деп емханадан қашады. Кейін ауру асқынып кеткенде ғана келеді. Әр адам өз денсаулығына өзі жауапты екенін түсінуі керек. Салауатты өмір салтын ұстанып, уақытылы тексеруден өтсе, өмірін ұзартуға мүмкіндік мол, — дейді маман.

Оның айтуынша, бүгінгі күні жүрек-қан тамырлары аурулары мен жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітімнің артуы ерекше алаңдатады. Сондай-ақ мұнай-газ саласында еңбек ететін азаматтардың кенеттен көз жұму жағдайлары да арнайы зерттеуді қажет етеді.

Серік Мұханбетұлы қызмет атқаратын салада анестезист-медбикенің де орны ерекше екенін атап өтеді. Дәрігер мен медбике бір команда болып, аппараттардың жарамдылығын, санитарлық жағдайын қадағалап, науқастың өмірін сақтап қалу үшін бірлесе еңбек етеді.

Бүгінде аудандық аурухана заманауи еуропалық үлгідегі құрылғылармен жабдықталған. Реанимация бөлімі болмаса да, барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етілген интенсивті палата жұмыс істейді.

Дегенмен, республика бойынша анестезиолог-реаниматологтардың тапшылығы өзекті күйінде қалып отыр.

— Жастар бұл мамандықты таңдағысы келмейді. Себебі бұл салада уақытпен санаспайсың. Күн-түн демейсің. Қиындығы көп. Оның үстіне жеке клиникалар көбейді. Мемлекеттік ауруханада жұмыс



істеу бұрынғыдай тартымды емес. Бұл — ащы болса да шындық, — дейді ол.

Дәрігер аудан медицинасының жетістігі ретінде 2007 жылы салынған жаңа аурухананы ерекше атап өтті.

— Бұрын ондай ғимарат арман еді. Қазір техника жаңарды, ауылдық жерлер жаңа жедел жәрдем көліктерімен қамтылды. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Ғылым дамыды. Адамдардың денсаулыққа деген көзқарасы да өзгеріп келеді. Бұл — үлкен жетістік, — дейді ол.

Серік Мұханбетұлының көп жылғы еңбегі елеусіз қалған жоқ. 2010 жылы «Ақтөбенің үздік дәрігері» атанса, 2012 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Пандемия кезіндегі жанқиярлық еңбегі үшін 2020 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық алғысы» медаліне ие болды. 2023 жылы Қазақстан анестезиолог-реаниматологтар қоғамының «Үздік анестезиолог-реаниматолог» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталса, 2025 жылы облыс әкімі Асхат Шахаровтың Алғыс хатын, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» медалін иеленді.

— Артқа қарап, өткен өмірімді сараласам, еш өкінбеймін. Медицина — оңай сала емес. Бірақ халықтың алғысы мен аман қалған адамның қуанышы бөрінен қымбат. Кәсіби мереке қарсаңында барша әріптестеріме зор денсаулық, отбасыларына амандық тілеймін. Бірлігіміз бекем болып, ел тыныш, жұрт аман болсын, — дейді ардагер дәрігер.

Ақ халат иегер жанның әрбір адамының денсаулығы алдындағы жауапкершігін жақсы түсінетін Серік Мұханбетұлы үшін дәрігерлік — мамандық қана емес, адамға деген адалдықтың, анта деген беріктіктің өлшемі. Ал сол адалдық пен жауапкершілікке негізделген еңбек жолы — кейінгі буынға қалатын тағылымды тарих.

Әйгерім ӨНУАРБЕК

23 маусым — Полиция күні

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ — ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Полиция майорының айтуынша, құқық қорғау саласына келу — жай ғана мамандық таңдау емес, бұл — ел алдындағы жауапкершілікті сезіну, халыққа адал қызмет ету.

— Криминалдық полиция қызметі сырт көзге тек қылмысты ашумен ғана байланысты көрінуі мүмкін. Алайда біздің жұмысымыз әлдеқайда ауқымды. Ең басты міндет — қылмыстың алдын алу, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау. Әрбір дерек пен ақпараттың артында адам тағдыры тұрады. Сондықтан әр істі мұқият қарап, заң аясында әділ шешім қабылдауға тырысамыз. Бұл қызметтен жауапкершілікті, сабырлықты және төзімділікті талап етеді, — дейді Ырзалы Мырзағалиұлы.

Оның айтуынша, қызметтегі алғашқы жылдардан бастап түрлі күрделі жағдайларға тап болып, жедел шешім қабылдауды қажет ететін сәттер аз болмаған. Әсіресе, азаматтардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелерде қырағылық пен кәсіби біліктіліктің маңызы ерекше.

— Жедел қызметкердің жұмысы белгілі бір уақытпен шектелмейді. Кейде демалыс күндері де, түнгі уақытта да жұмысқа араласуға тура келеді. Өйткені қылмыс уақытпен санаспайды. Сондықтан тәртіп сақшысы да кез келген сәтте қызметтік міндетін орында-

Қоғам тыныштығын сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету — үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап ететін маңызды міндет. Тәулікпен санаспай, заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында қызмет етіп жүрген тәртіп сақшыларының еңбегі қашанда құрметке лайық. Солардың бірі — Байғанин ауданы полиция бөлімінің криминалдық полиция тобының аға жедел уәкілі, полиция майоры Ырзалы Сағынғалиев. Кәсіби мереке қарсаңында тәжірибелі полиция қызметкері криминалдық полиция саласының көпшілікке беймәлім қырлары, қылмыстың алдын алудағы жүйелі жұмыстар және қазіргі заманның жаңа қауіп-қатерлері мен мамандықтың жауапкершілігі туралы әңгімеледі.

уға дайын болуы керек. Халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігі — біз үшін ең басты құндылық, — деген ол көпшілікке криминалдық полицияның күнделікті қызметі толық көріне бермейтінін, алайда қылмыстың алдын алу, жедел ақпараттарды зерделеу, тұрғындармен жұмыс жүргізу, профилактикалық шаралар ұйымдастыру — осы саланың маңызды бағыттарының бірі екенін де атап өтті.

— Кейде бір қылмыстың алдын алу үшін бірнеше күн, тіпті бірнеше апта бойы ақпарат жинап, талдау жұмыстарын жүргізуге тура келеді. Әрбір дерек мұқият тексеріледі. Біз үшін қылмысты ашудан бұрын, оның алдын алу маңызды. Өйткені орын алған құқық бұзушылықтың артында адамдардың алаңдаушылығы, материалдық шығын мен түрлі қиындықтар тұрады. Ал оның алдын алу — қоғам үшін үлкен жетістік. Айта кетейін, соңғы жылдары аудан аумағындағы криминогендік жағдай тұрақты бақылауда. Құқық қорғау органдары тарапынан профилактикалық жұмыстарға ерекше көңіл бөлініп келеді. Байғанин ауданындағы жағдай тұрақты. Дегенмен ұрлық, алаяқтық секілді құқық бұзушылықтар әлі де кездесіп отырады. Сондықтан тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеміз. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру да — қылмыстың алдын алудағы маңызды тетіктердің бірі, — дейді Ырзалы Сағынғалиев.

Полиция майоры сұхбат барысында қазіргі таңда интернет-алақтық пен

ұрлық кең таралып отырғанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, технология дамыған сайын қылмыс түрлері де өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда.

— Қазір алаяқтар түрлі айла-тәсілдерді пайдаланады. Өздерін банк қызметкері, құқық қорғау органы өкілі немесе түрлі ұйымдардың маманы ретінде таныстырып, азаматтардың жеке деректерін иемденуге тырысады. Сондықтан тұрғындарды сақ болуға шақырамыз. Ешқашан бейтаныс адамдарға банк картасының мәліметтерін, SMS-кодтарды, жеке деректерді бермеу қажет. Күмәнді сілтемелерге өтуден сақтанған жөн. Қаржылық операцияларды жасамас бұрын ақпараттың шынайылығына көз жеткізу керек. Қарапайым сақтықтың өзі көптеген қауіптің алдын алады, — деді ол.

Заманауи технологиялар құқық қорғау органдарының жұмысында да кеңінен қолданылып келеді. Бүгінде бейнебақылау жүйелері, ақпараттық базалар, цифрлық бағдарламалар мен түрлі техникалық мүмкіндіктер қылмыстарды жедел ашуға көмектеседі. Бірақ ешқандай техника адамның кәсіби тәжірибесі мен қырағылығын алмастыра алмайды. Сондықтан қызметкердің білімі мен тәжірибесі әрқашан маңызды болып қала беретінін атап өткен жедел уәкіл жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі де тәжірибелі тәртіп сақшысының назарынан тыс қалмағанын баса айтты.

— Жасөспірімдердің тәрбиесі — тек мектептің немесе құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес. Бұл жерде



ата-ананың, ұстаздардың және қоғамның ортақ жауапкершілігі бар. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың қызығушылықтарын қолдау, құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды. Құқық бұзушылықтың алдын алу ең алдымен отбасынан басталады. Сондықтан жастармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі керек, — дейді Ырзалы Мырзағалиұлы.

Криминалдық полиция қызметкері үшін кәсіби біліммен қатар адами қасиеттердің де орны ерекше.

— Бұл салада сабырлық, әділдік, төзімділік, адамдармен тіл табыса білу, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай алу маңызды. Кейде бір ғана шешімнің артында бірнеше адамның тағдыры тұрады. Сондықтан әрқашан жауапкершілікті сезіну қажет. Ең бастысы — халықтың сеніміне селкеу түсірмеу, заң талаптарын қатаң сақтау маңызды. Тәулікпен санаспайтын қызметтің отбасылық өмірге әсер ететіні де жасырын емес. 12 жыл ішкі істер бөлімінде, оның ішінде 2022 жылдан бері криминалдық полицияда қызмет етіп келемін. Қызметке байланысты мереке күндері де, түнгі уақытта да жұмысқа шығатын кездер болады. Осындай сәттерде отбасының қолдауы ерекше күш береді. Жақында-

рым әрқашан түсіністік танытып келеді. Отбасы — адамға қуат беретін, жігерлендіретін ең үлкен тірек, — дейді полиция майоры.

Қызметтен тыс уақытта спортпен шұғылданып, отбасымен бірге уақыт өткізуді ұнататын тәртіп сақшысы полиция формасын киген әр сәтте үлкен жауапкершілікті сезінетінін де жасырмады.

— Полиция қызметкері болу — үлкен сенім. Халық бізге өзінің қауіпсіздігін сеніп тапсырады. Сондықтан антымызға адал болып, заң мен тәртіпті сақтау жолында аянбай еңбек ету — біздің басты міндетіміз. Ең үлкен жетістік — қылмыстың орын алуына жол бермеу, ел ішіндегі тыныштықты сақтау. Қоғамның қауіпсіздігі — баршамызға ортақ құндылық. Кәсіби мереке қарсаңында біз істер органдарының барлық ардагерлері мен қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтаймын! Барша әріптестеріме мықты денсаулық, отбасыларына амандық, қызметтеріне табыс тілеймін. Елімізде әрдайым тыныштық, халқымызда береке болсын. Қоғам қауіпсіздігі жолындағы абыройлы қызметімізге адал болып, ел сенімін ақтай берейік, — дейді тәжірибелі тәртіп сақшысы.

Әйгерім Жартина

ҒАСЫР ДЕРТІ: БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ НАШАҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда қоғамды толғандырып отырған ең өзекті әрі қорқынышты мәселелердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлық. Егер бұрын бұл дертке негізінен ересектер шалдығатын болса, қазіргі уақытта нашақорлық барынша «жасарып», мектеп қабырғасындағы балаларды да құрығына түсіруде. Бұл – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл ұлттың болашағына төнген үлкен қауіп.

Жасөспірімдерді есірткіге не итермелейді?
Жасөспірім шақ – адам өміріндегі ең сезімтал, мінез-құлқы тұрақсыз және сыртқы әсерге тез көнгіш кезең. Балалардың зиянды заттарға әуестенуіне мынадай негізгі факторлар себеп болады:
Қызығушылық пен өліктеушілік: «Бір рет көрейін, ештеңе етпес» деген жеңілтек ой немесе қатарластарынан қалмауға тырысу.
Психологиялық мәселелер: Отбасындағы ұрыс-керіс, жалғыздық, өзін түсінбейтіндей сезіну және стресс.
Сыртқы ортаның әсері: Жаман достардың ықпалы және есірткі тара-татындардың (әсіресе әлеуметтік желілер арқылы) айла-тәсілдері.
Бос уақыттың тиімсіз өтуі: Баланың белгілі бір пайдалы іспен (спорт, үйірме) айналыспауы.



Қазіргі кезде «синтетикалық есірткілер» (тұздар, спайстар) өте қол-жетімді және оларға тәуелділік бірінші рет қолданғаннан-ақ пайда болады. **Ата-ана нені білуі керек? (Қауіпті белгілер)**
Баланың бойынан мынадай өзгерістер байқалса, дереу дабыл қағу қа-жет:

Мінез-құлықтың күрт өзгеруі: Тұйықталу, бөлмесіне тығылу, себепсіз ашушаңдық немесе тым көңілді болу.

Оқу үлгерімінің төмендеуі: Сабаққа қызығушылықтың жоғалуы, мек-тептен қашу.

Физикалық белгілер: Көздің қызаруы, қарашықтың тым үлкеюі немесе кішіреюі, тәбеттің жоғалуы, ұйқының бұзылуы, терінің солғуы.

Қаржылық мәселелер: Үйден ақша немесе бағалы заттардың жоға-луы, баланың үнемі ақша сұрауы.

Жаңа құпия достар: Телефонмен жасырын сөйлесу, бұрынғы достары-нан алыстау.

Тірілей уланудың зардабы
Есірткі – баланың тек денсаулығын ғана емес, оның тұлғалық қасиетін де толықтай құртады. Ми жасушалары уланып, есте сақтау, ойлау қабілеті нашарлайды. Жүйке жүйесі бұзылып, бала агрессивті, психопатқа айна-лады немесе терең депрессияға түседі. Ең сорақысы, жасөспірім келесі дозаны табу үшін ұрлыққа, алдауға, тіпті қылмыс жасауға дейін барады.

Дерттің алдын алу жолдары
Нашақорлықты емдеуден қарағанда, оның алдын алу әлдеқайда тиімді әрі жеңіл. Бұл күресте мемлекет, мектеп және отбасы бірлесе әрекет етуі тиіс.

Отбасындағы жылылық: Баламен дос сияқты сөйлесу, оның мәселе-лерін тыңдау, сенімді қарым-қатынас орнату. Бала ешқашан өзін жалғыз сезінбеуі керек.

Бақылау мен қырағылық: Баланың кіммен араласатынын, бос уақы-тын қалай өткізетінін және әлеуметтік желілерде не көретінін назардан тыс қалдырмау.

Салауатты өмір салты: Балаларды кішкентайынан спортқа, өнерге, кітап оқуға баулу. Бос уақыты жоқ баланың жат қылықтарға баруға мұрша-сы болмайды.

Түсіндіру жұмыстары: Мектептерде тек тыйым салу емес, есірткінің адам өмірін қалай талқандайтын нақты мысалдармен, дәрігерлер мен мамандардың қатысуымен көрсету.

Қорытынды
Балалар – біздің болашағымыз. Ал болашағымыздың сау, саналы жө-не жарқын болуы бүгінгі біздің көрсеткен тәрбиеміз бен қырағылығымызға байланысты. Нашақорлықпен күресу – тек медицина ұйымдары мен құқық қорғау органдарының ғына емес, әрбір азаматтың, әрбір ата-ананың қаси-етті міндеті. Есірткіге бірге «ЖОҚ» деп айту арқылы ғана біз ұрпағымызды аман алып қала аламыз!

АЗИЕВА И.Т.,
Байғанин аудандық ауруханасының нарколог дәрігері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1.Жобаның атауы: «Ақжол кен орнын игеру және ұңғымаларды консер-вациядан шығару жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп
2.Ықпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаталары
1) 47°46'52.00"с.е. 57°10'25.00"ш.б.; 2) 47°29'53.00"с.е. 56°50'39.00"ш.б.; 3) 47°19'59.00"с.е. 56°50'41.00"ш.б.; 4) 47°20'0.00"с.е. 57°13'15.00"ш.б.; 5) 47°30'0.00"с.е. 57°13'17.00"ш.б.; 6) 47°40'0.00"с.е. 57°20'0.00"ш.б.; 7) 47°49'40.00"с.е. 57°34'42.00"ш.б.; 8) 47°51'20.00"с.е. 57°34'52.00"ш.б.; 9) 47°43'29.00"с.е. 57°24'3.00"ш.б.; 10) 47°47'15.00"с.е. 57°24'30.00"ш.б.; 11) 47°47'58.00"с.е. 57°23'14.00"ш.б.; 12) 47°43'16.00"с.е. 57°16'39.00"ш.б.; 13) 47°46'16.00"с.е. 57°11'28.00"ш.б.

Жобалау жұмыстары Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы (47°19'00" с.е. 56°44'00" ш.б.) аумағында жүргізілетін болады.

3.Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылдың 15 шілдеде сағат 10:00-де Ақтө-бе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ а. о., Кемерши а., Бірлік к-сі, 15 мекенжайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
https://us06web.zoom.us/j/81309533785?pwd=yWQgUj5p2GYJBe7W6qbOTloWo4FHFQ.1.

Конференция идентификаторы: 813 0953 3785.
Кіру коды: 048931.

4.Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, БСН 931240001060, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, 312 Атқыштар диви-зиясы даңғылы, 3, Байланыс: ұялы +7 (777) 808-12-22; e-mail: dylsen1971@mail.ru.

5.Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлейұшова Гүлнар. Байланыстар. Тел. +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

6.Жоба материалдары сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk

7.Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бой-ынша қабылданады: « Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, тел: 8(7132)55-09-30, электрондық мекенжай: aktobe.uprrp@yandex.kz , https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk https://ndbecology.gov.kz/.

8.Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қала-сы, ш/а, мекенжайы мен немірі бойынша білуге болады: Нұрсаа, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

АЛАЯҚТЫҚ — ЗАМАН ҚАТЕРІ: СЕНІМ МЕН ҚҰЛЫҚТЫҢ АРПАЛЫСЫ

Қазіргі таңда алаяқтық қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамдардың өмірін жеңілдеткенімен, қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуына да жол ашты. Бүгінде алаяқтар әртүрлі айла-тәсілдерді қолданып, азаматтардың сеніміне кіріп, олардың қаражатын заңсыз иемденуге әрекет етуде.

Соңғы жылдары телефон және интернет арқылы жасалатын алаяқтық фактілері жиілеп кетті. Қаскөйлер өздерін банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе өзге де мекеме өкілі ретінде таныстырып, азаматтарды үрейлендіру арқылы жеке мәліметтерін алуға тырысады. «Сіздің атыңыз-ға несие рәсімделіп жатыр», «банк шотыңыз бұғатталды» деген секілді жалған ақпарат таратып, адамдарды асығыс шешім қабылдауға итерме-лейді. Нәтижесінде жәбірленушілер құпия кодтарын айтып қойып немесе ақшаларын бөгде шоттарға аударып жатады.

Сонымен қатар әлеуметтік желілер мен интернет платформаларында жалған жарнамалар мен интернет-дүкендер көбейді. Тым арзан бағамен тауар ұсыну, оңай табыс табуды уәде ету, қаржылық пирамидаларға тар-ту сияқты әрекеттер де тұрғындардың материалдық шығынға ұшырауына себеп болуда.

Мұндай жағдайлардың алдын алудың басты жолы – қырағылық пен ақпараттық сауаттылық. Кез келген күмәнді қоңырау немесе хабарламаға сенбей, ақпараттың рас-өтірігін ресми дереккөздер арқылы тексеру қа-жет. Ешқашан банк картасының деректерін, құпия сөздерді, SMS арқылы келген растау кодтарын бөгде адамдарға беруге болмайды. Есте сақтай-ық: банк қызметкерлері мен мемлекеттік органдар телефон арқылы құпия ақпарат сұрамайды және ақша аударуды талап етпейді.

Алаяқтықпен күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігін талап етеді. Өз қауіпсіздігімізге мұқият қарап, жақындарымызға, әсіресе егде жастағы адамдарға алаяқтардың әрекет-тері туралы түсіндіру маңызды.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін баршамыз сақтық шара-ларын сақтап, күмәнді ұсыныстар мен ақпараттарға сын көзбен қарау-ды әдетке айналдыруымыз қажет. Қырағылық пен жауапкершілік – ала-яқтыққа қарсы тұрудың ең тиімді құралы.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі

ЭНТЕРОВИРУСТЫ ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН - АЛУ

Энтеровирусты инфекция – инфекциялық ауру, ішек инфекция вирустарының тобына кіреді. Энтеровирустың инфекциялардың берілуі нәжіс-пұыз арқылы (су, тамағ және тығыз қарым - қатынас арқылы) және ауа-тамыш жолдары (жөтел арқылы) іске асыру кезінде жүзеге асырылады. Ауру маусымдық сипатқа ие, бұрқ етпелер көктем - жаз және жаз - күз мезгілдерінде пайда болады. Жұқтырылу су, тамақ өнімдері, сондай - ақ науқастың нәжісі, жөтелген және түшкірген кезде өте ұсақ сілекей мен қақырғы тамшылары арқылы жүреді.

Инфекция ашық суықымаларда шомылу кезінде өте жиі жұғады. Энтеровирустар сыртқы ортаға төзімді келеді: төмен температураларға шыдамды (тоңазытқышта бірнеше апта бойы сақталады), құбырмен кел-етін суда 18 күнге дейін тіршілігін жоймайды, өзеннің суында бір айға жуық, тазартылған ағында суда екі айға дейін тіршілік етеді. Вирус жылыты қыздыру, қайнату, құрамында хлор бар препараттардың, ультракүлгін сәу-лелену әсерінен тез тіршілігін жояды.

Ауру температураның 38-40° С-қа дейін көтерілуімен, әлсіздіктен, ба-стың ауыруынан, лоқсудан, құсудан және көздің қарығыуынан бастала-ды. Бұл симптомдар жүрек тұсынын, іштің, бұлшық еттің, ауыруымен, доғашықтағы және бадамша бездердегі ұшық бөртпелерімен қатар жүруі мүмкін. Кейбір жағдайларда мұрынның бітуі, жөтелу байқалады. Аурудың 1-2 күндері негізінен қолда, аяқта, ауыз қуысында және оның айналасында 24-48 сағаттың ішінде (кейде 8 күн) болатын, кейін жоғалып кететін бөртпе пайда болады.

Көрсетілген белгілерге шағымдар пайда болған жағдайда ауру өздігінен өтеді деп күтпей, тез арада дәрігерге баруыңыз қажет, өз бетінше емде-уге тырыспаңыз.

Энтеровирусты инфекцияның алдын алу шаралары кез келген жіті ішек инфекциясы кезіндегі шараларға ұқсас - мынадай ереже-лерді сақтаған жөн:

- ішу үшін тек қана қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;
- тамақ ішердің алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды са-бынмен жуу, жеке және қоғамдық гигиена ережелерін қатаң сақтау;
- жеміс пен көкөністі пайдаланудың алдында оларды жеке қолданып және кейіннен қайнатылған сумен шайып мұқият жуу;
- ресми рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу, шомылу кезінде суды жұтпауға тырысыңыз;
- азық-түлікті жеке тұлғалардан және сатуға рұқсат етілмеген жерлер-ден сатып алмау керек.

Емдеуден гөрі қарапайым профилактика шараларын сақтай отырып ау-рудың алдын алған жеңіл екендігін есте ұстаңыз!

Байғанинаудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ж.У.НҰРЛА

ХАБАРЛАНДЫРУ

1.Жобаның атауы: Экологиялық есер ету рұқсатын алуға арналған ма-териалдар: Ақжол кен орнындағы ұңғымаларды консервациядан шығару арналған топтық тексерісшілік жобаға қоршаған ортаны қорғау бөлімі; Ақжол кен орнында РШН,ҚББ,ӨЭБ,ТҚЖ.

2.Ықпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаталары
1) 47°46'52.00"с.е. 57°10'25.00"ш.б.; 2) 47°29'53.00"с.е. 56°50'39.00"ш.б.; 3) 47°19'59.00"с.е. 56°50'41.00"ш.б.; 4) 47°20'0.00"с.е. 57°13'15.00"ш.б.; 5) 47°30'0.00"с.е. 57°13'17.00"ш.б.; 6) 47°40'0.00"с.е. 57°20'0.00"ш.б.; 7) 47°49'40.00"с.е. 57°34'42.00"ш.б.; 8) 47°51'20.00"с.е. 57°34'52.00"ш.б.; 9) 47°43'29.00"с.е. 57°24'3.00"ш.б.; 10) 47°47'15.00"с.е. 57°24'30.00"ш.б.; 11) 47°47'58.00"с.е. 57°23'14.00"ш.б.; 12) 47°43'16.00"с.е. 57°16'39.00"ш.б.; 13) 47°46'16.00"с.е. 57°11'28.00"ш.б.

Жобалау жұмыстары Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы (47°19'00" с.е. 56°44'00" ш.б.) аумағында жүргізілетін болады.

3.Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылдың 15 шілдеде сағат 11:00-де Ақтө-бе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ а. о., Кемерши а., Бірлік к-сі, 15 мекенжайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
https://us06web.zoom.us/j/81309533785?pwd=yWQgUj5p2GYJBe7W6qbOTloWo4FHFQ.1.

Конференция идентификаторы: 813 0953 3785.
Кіру коды: 048931.

4.Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, БСН 931240001060, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, 312 Атқыштар диви-зиясы даңғылы, 3, Байланыс: ұялы +7 (777) 808-12-22; e-mail: dylsen1971@mail.ru.

5.Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлейұшова Гүлнар. Байланыстар. Тел. +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

6.Жоба материалдары сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk

7.Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бой-ынша қабылданады: « Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, тел: 8(7132)55-09-30, электрондық мекенжай: aktobe.uprrp@yandex.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk https://ndbecology.gov.kz/.

8.Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қала-сы, ш/а, мекенжайы мен немірі бойынша білуге болады: Нұрсаа, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«САГИЗ ПЕТРОЛЕУМ КОМПАНИ» ЖШС

Ақтөбе облысы Байғанин ауданында орналасқан нысандардың жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр:

1. 2026-2031 жылдарға арналған Тасқұдық кен орнының МДОП көздері-нен атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нор-мативтерінің жобасын түзету. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарлама-сы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары;

2. Тасқұдық кен орнының вахталық қалашығы үшін 2026-2036 жыл-дарға арналған көздерден атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

Әсер ету аумағы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. Географиялық коор-динаттары: 48°10'13" ш.б. 55°15' 00" .

Қоғамдық тыңдау келесі мекен-жай бойынша: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қопа ауылдық округі, Ебейіт ауылы, Жеңіс көшесі, 9 ұй, 2026 жылғы 23 шілдеде сағат 10.00 етеді.

Сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/89653251865?pwd=FiDVrQc5PmsXh42iEdCYl9lKlM4na4.1 Конференция идентификаторы: 896 5325 1865. Құпия сөз: C11KL4.

3. Южный Ащыкөл кен орнының МДҚ көздерінен атмосфераға ластанушы заттардың жіберілетін шығарындыларының 2026-2031 жылдарға арналған нормативтерінің жобасын түзету. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарла-масы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары;

4. Оңтүстік Ащыкөл кен орнының вахталық қалашығы үшін 2026-2036 жылдарға арналған көздерден атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары;

Географиялық координаттары: 48°25' < 60 «С. Е. 55°13' 60 « ш. б. Қоғамдық тыңдау келесі мекен-жай бойынша: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ащы ауылы, Ноғайты ауылы, Орталық көшесі, 9, 2026 жылғы 23 шілдеде сағат 15.00 өтеді. Өкілі: Бижанов А.З. тел.: 87719089999. Сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/89653251865?pwd=FiDVrQc5PmsXh42iEdCYl9lKlM4na4.1.

Конференцияны сәйкестендіргіш: 835 6284 3577 Құпия сөз: BaS6WD Өкілі: Бижанов А.З. тел.: 87719089999.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Сагиз Петролеум Компани» ЖШС, мекен-жайы: Ақтөбе қ., пр. Саңқибай батыр көшесі, 167 В. 8 (7132) 410420. Электрондық пошта: doc@spc.kz.

Жобаны әзірлеуші: «Asia consult» ЖШС Ақтөбе қ., Саңқибай батыр пр., 1/оф.321.320. e-mail: asiaconsult@bk.ru. тел.: 87719089999. Жобалар www.ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru. сайтында орналастырылған. тел.: 87719089999. Ескертулер мен ұсыныстар: www.ndbecology.gov.kz сілте-месі бойынша, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қабылданады: aktobe.uprrp@yandex.kz.

ТОО «САГИЗ ПЕТРОЛЕУМ КОМПАНИ»

планирует проведение общественных слушаний по проектам объектов, находящихся в Байганинском районе Актюбинской области:

1. Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязня-ющих веществ в атмосферу от источников ЦПНП месторождения Таскудук на 2026-2031 гг. Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий;

2. Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от источников для вахтового городка месторождения Таскудук на 2026-2036 гг., Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий.

Территория воздействия: Актюбинская обл., Байганинский район. Геогр. координаты: с.ш. 48°10'13" в.д. 55°15'00".

Общественные слушания состоятся: 23 июля 2026 г в 10.00 часов, по адресу: Актюбинская область, Байганинский район, Колпинский.о., с.Ебей-ты, ул. Женис, 9.

Ссылка: https://us05web.zoom.us/j/89653251865?pwd=FiDVrQc5PmsXh42iEdCYl9lKlM4na4.1 Идентификатор конференции: 896 5325 1865. Пароль: C11KL4.

3.Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязня-ющих веществ в атмосферу от источников УПН месторождения Ащиколь Южный на 2026-2031 гг. Программа производственного экологического контро-ля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприя-тий;

4. Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от источников для вахтового городка месторождения Ащиколь Южный на 2026-2036 гг. Программа производственного экологического контро-ля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприя-тий; Геогр. координаты: 48°25'60" с.ш. 55°13'60" в.д.

Общественные слушания состоятся: 23 июля 2026 г в 15.00 часов, по адресу: Актюбинская область, Байганинский район, Ащинский с.о., с.Но-гайты, ул. Орталық, 9. Представитель: Бижанов А.З. тел.: 87719089999. Ссылка: https://us05web.zoom.us/j/89653251865?pwd=FiDVrQc5PmsXh42iEdCYl9lKlM4na4.1.

Идентификатор конференци: 835 6284 3577 Пароль: BaS6WD Пред-ставитель: Бижанов А.З.тел.: 87719089999.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Сагиз Петролеум Компани» адрес: г. Актөбе, пр. Санкибай батыра, 167В.тел. 8 (7132) 410420, электрон-ный адрес: doc@spc.kz.

Разработчик проекта: ТОО «Asia consult» г. Актөбе, ул. Санкибай баты-рад, 1/оф.321,320. e-mail: asiaconsult@bk.ru. моб. тел.:87719089999. Мате-риалы размещены на сайте www.ndbecology.gov.kz, а также на https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru. Дополнительную инф-ормацию по материалам проекта можно ознакомиться по номеру: моб.тел.:87719089999. Заявления и предложения принимаются по ссыл-ке www.ndbecology.gov.kz, а также по электронной почте: aktobe.uprrp